

Жанғара ДӘДЕБАЕВ,
эл-Фарби атындағы ҚазҰУ жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

ЖҰМАБАЙДЫҢ ЖАҢБЫРЫ

Өткен ғасыр. Алматы. Қазіргі эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Бірінші курс студенттеріміз. Қыркүйек. Таулы қыратта алма тереміз. Алматының апорты. Қырдың қызыл гүліндей. Жұпар исі аңқиды. Биіктегі алмаларды үзіп алу үшін шағын денелі ұлдарды талдың басына шығарамыз. Олай етуге болмайды. Биіктегі алмаларды сатыға шығып алу керек. Саты бәрімізге жете бермейді. Бірлі-жарым қыздардың да тал басына өрмелеп шығатын батылдары болды. Тал басындағы қыздың қолынан алма алып жинаған қауіпті, еңбек қауіпсіздігі талаптарына да қайшы.

Жаңбыр жауған күні алма жинауға шықпаймыз. Жаңбыр нөсерлетіп жауғанда, жаңбырдың астында жүгіретін, жүгіргенді жақсы көретін жастар да болды. Жиналып әңгіме айтамыз. Ақындарымыз өлең оқиды. Әншілеріміз ән айтады. Қалидолла өлеңдерін тау суындай тасытады. «Тайсойған» әнін шырқайды. Даусы зор. Тау жаңғырады. Қыздар ән салады. Қыздардың айтқан әндерінің ішінде маған әсерлі естілгені «Гүлдарига» болды. «Гүлдариганы» бала кезімізде жеңгелеріміз той-томалақта айтатын. Қыздарымыз «Гүлдариганы» сол мәнермен, сол сазбен айтқанда, әжептеуір тебіреніп тыңдадым. Жұмабай «Құлпырса Волганың атырабы» деп шырқайды. Кейде осы әнді Байділхан екеуі қосылып айтады. Бір күні Жұмабай Ақан серінің «Қара торғайын» шырқады. Ғажап. Дауыс

кандай тұнық болса, әуен сондай мөлдір. Арманның толқыны, өкініштің уілі, сағыныштың сазы, шердің лебі Таулы қыратты тербетіп, қалықтап тұрып алды. Ән бітті. Жұмабайдың әншілік өнеріне ризалығымызды білдіріп, дуылдатып, дауылдатып қол соқтық. Содан бері Жұмабай десем, көңілімде «Қара торғайдың» әуені тұрады. «Қара торғай» әнін тыңдасам, есімде Жұмабай тұрады.

«Гүлдарига» мен «Қара торғайды» бес жыл бойы тыңдадық, тыңдаған сайын толқыдық. Студенттік сауық-кештерде де осы екі әннің әсері ерекше болды. Кей кештерде осы әндерден кейін Байділхан мен Жұмабай Огинскийдің «Полонезін» қояды. Соны асыға тосатын сәттеріміз де болған. «Полонездің» қоштасу сазының құшағанда қыздармен вальс билейміз. Сазда қоштасу сарыны болса да, қоштасу туралы ойлаған да, ойланған да емеспіз. «Полонездің» жанды баурап, жүректі тербететін әдемі әлдиі болатын. Жастығымыздың жайсаң сәттері «Полонездің» әдемі әлдиінің құшағында тербелді. Оның қоштасу сазының тереңдегі мәнін кейін сезіндік.

Жұмабайдың «Қара торғайы» толқытқан көңілдің аңсарымен жоғары курстарда Ақан серінің өмірі мен шығармашылығы туралы дерек көздерін іздедім. Зерттеу еңбектерді сүзіп, қолжазбалар қорын парақтадым. «Қара торғайдың» шығу тарихымен таныстым. Қара торғайдың да тарихын барладым, оның торғай емес, қыран құс екені туралы мәліметтер алдым. Қара торғайдың зорға ұшып, жерге қона алмай шырылдауының жайын білдім. Осы сарындардың өзегіндегі махаббат мұңын сездім. Ақан сері құштар болған сұлулардың тағдыр-талайын таныдым. Сондағы тапқан деректерімді кейін ғылыми зерттеулерімде пайдаландым.

Оқуды бітіргенімізге елу жыл толуына орай университеттің Фараби кітапханасында кездестік. Ақ сақалды, сары тісті дейтін қалыпта екенбіз. Абай институтының Абай залында Жұмабай қыздардың сұрауымен «Қара торғайды» шырқады. Бұдан елу бес жыл бұрынғыдай емес, бірақ мен көзімді жұмып отырып сол елу бес жыл

бұрынғы Жұмабайды көрдім, Жұмабайдың осыдан елу бес жыл бұрын шырқаған «Қара торғайын» елу бес жыл бұрынғы қалпымда қайта тыңдадым. Ән төгіліп тұр:

Қара торғай,
Ұштың зорға-ай.
Бейшара шырылдайсың
Жерге қонбай-ай...

Толқыдым. Жұмабайдың қара торғайының мағынасының тереңде тұнып жатқан шындығына жаңадан қанғандай болдым. «Қара торғайдың» бұрын сезіп білмеген кейбір қырлары мен сырларын елу бес жылғы тарих толқындарының жалында тербеліп, тебіреніп отырып қабылдадым. «Қайран «Қара торғай»-ай!» - деп дауыстап жібергенімді байқамай қалдым. «Қара торғай» тербеген бір сәттің сыры мың сырды қозғады.

Байділхан, Жұмабай, Кемел, мен жатақханада бір бөлмеде тұрдық. Байділхан екеуміз аудиторияда терезе жақтағы екінші партада отыратынбыз: Жұмабай мен Сәуле бірінші партада. Сабақ өтіп жатқанда түрлі көңілкүйде боламыз. Педагогикалық училищеде оқып, ауыл мектебінде екі жыл бастауыш сынып мұғалімі болып, бала оқытып келгенмін. Кейбір курстастарыма кейде өзім оқытқан бастауыш сынып оқушыларына қарағандай қарайтынымды байқап, бірте-бірте онымды қойдым. Қайбір сабақта оқытушының айтып, түсіндіретін сабағының мазмұны мен мәні менің бастауыш сынып оқушыларына айтып, түсіндірген сабағымның мазмұнының айналасында болады. Сондай сабақтарда менің кейде күрсініп қалатыным болатын. Ондайда лебім алдымда отырған Сәуленің қысқа шашын желпіп барып басылады екен. Сондай бір сәтте Сәуле маған ашулы көзімен қарап, ренішін үнсіз білдірген. Содан кейін Байділхан екеуміз бір парта кейін шегініп, үшінші партада отыратын болдық. Едәуір уақыт өткен соң, Сәуле маған жүзін жылытып, сұраулы көзбен қарап жүрді. Бұрынғы орнымызға қайта

отыруымызға қарсы емес сияқты. Байділхан да, мен де үндемедік. Екі ортадағы парта бес жыл бойы бос тұрды.

Жоғары курста жүрегім сыздап біраз уақыт жатып қалдым. Көктем келе Байділхан мен Кемел екеуі мені күнге шығарып, көктемнің ауасын жұтқызды. Үшеуміз суретке түстік. Бір жолы Жұмабай серуенге алып шықты. Субұрқаққа бардық, әппақ гүл жарып тұрған талдың саясында жүрдік, суретке түстік. Бауырдай болып кеткен достарымның демеуімен сауықтым. Кейін ішімнен: «Өлмей әрең тірі қалдым», - деп, өзіме өзім әзіл айттым.

Жұмабай университетті бітірген соң, «Мектеп» (кейін – Рауан) баспасында қызмет етті. Жұмабайдың кезінде осы баспадан «Сенің сүйікті жазушың» сериясымен менің Ғ. Мұстафин шығармашылығы туралы (1989) және М. Әуезов шығармашылығы туралы (1991) кітаптарым жарық көрді. Кейін М. Әуезов туралы осы кітаптың өңделіп, толықтырылған екінші басылымы шықты (1997). Осы жұмыстардың барысында Жұмабай маған тілекші болды, мен Жұмабайды медет тұттым.

Кейін университетте бірнеше жыл декан, проректор болып қызмет еттім. Сол тұстарда бес жыл бірге оқып, жатақхананың бір бөлмесінде бірге тұрған екі дос-бауырым Байділхан мен Жұмабай маған бір шаруа бойынша келіп, кеңес сұрады. Мен ойландым. Сол бойы үнсіз қалдым. Екі досым әңгімесін қайта бастамады. Сол қылығым үшін өзімді көпке дейін қолайсыз сезініп жүрдім. Екі бауырым бірдей маған өкпелеп кетпеді ме екен деген ойда болдым. Кейін сонымның дұрыс болғаны туралы қорытындыға келдім. Олай болғанда, Байділхан мен Жұмабай да өкпелемеген болар деп ойладым. Асыл дос, ардақты дос-бауырларда өкпе болмайды ғой.

Жұмабайдың ақындығы, жазушылығы әншілігімен қатар қалықтады. Студент кезімізде өлең шығаратынын, өмірбаяндық шығармалар жазатынын білмейтінмін. Бірақ оның табиғатынан өнерге құштарлығы, эстетикалық сезім байлығы әнінен де, көңілкүйінен де аңғарылып тұратын.

➤ Ақындық ойлау қуатын 2002 жылы кездейсоқ сезіндім. Сол

жылы университетте бірге оқып, жатақханада бірге тұрған Кемел кенеттен қайтыс болды, Алла рақым етсін Кемелдің рухына. Жұмабай Кемелдің қазасына арнаған жоқтау өлеңін оқыды. Менің жүрегім жылады, көзім жасқа толды...

Қайран Кемел-ай. Жақсы көретін, бауыр болып кеткен іні-досым еді. Студенттік күндердің бірі. Аудитория-дамыз. Үзіліс кезі. Мен партада терезе жақтауына сүйеніп, далаға қарап отырғанмын. Кемел фотоаппаратын бірге оқитын бір қызға беріді де:

- Бізді суретке түсір! – деп, менің қасыма отырды. Мен терезенің жақтауына сүйенген қалпымда Кемелді бос қолыммен құшақтап, бауырыма тартып, түсірілетін суреттің тақырыбын айттым:

- Отец с сыном.

Кемел менің сөзімді түзетіп:

- Сын с отцом! - деді.

Кемелдің дыбыс үндестігін қуалап сазды сөйлегеніне көңілім толып мәз болдым. Жанымызда біздің сөзімізді естіп отырған ұл-қыздар да дән риза, Кемелдің тауып сөйлеген сөзіне сүйсініп, езу тартып отырды. Сол сурет «Сын с отцом» деген атаумен менің жеке мұрағатымда сақталып қалды.

2025 жылы университетті бітіргенімізге елу жыл толуына байланысты өткен кездесуде Жұмабай Фараби кітапханасына кітаптарын сыйға ұсынды.

- Қолымда бары осылар болды, - деді.

Кітаптарының жалпы саны он үш екен. Біреуі - өлеңдер мен балладалар жинағы. Қалған он екі кітапта прозалық шығармалары топтасырылған: әңгімелер, хикаяттар, роман-эссе. Хикаяттарының бірнешеуі ғұмырнамалық сипатта. Әңгімелер мен хикаяттар топтастырылған кітаптарының бірі «Біз студент едік» деп аталады, ХХ ғасырдың жетпісінші жылдарындағы студент жастардың өміріне арналған. Кейіпкерлерінің көбі өзімен бірге, қатар оқыған. Олардың аты-жөндері де өзгеріссіз беріліпті.

Он үш кітаптың ішінде «Әке» (1999) ғұмырнамалық повесімен ертеден таныспын. Баспадан алған қалпында бір

данасын берген. Повестің сюжеттік желісі әке мен баланың арасындағы әңгіме үлгісінде айтылатын оқиғалардан басталады. Әкенің өмір жолындағы қилы кезеңдердің шындығының мағынасын ұғу барысында баланың ойлау әлемі, таным кеңістігі ашылады.

Шығармаға арқау болған оқиғалардың өзегінде тарих шындығы бар. Кейіпкерлердің өздері де тарихи тұлғалар: бірі – арғы дәуірдің азаматы, бірі – кейінгі заманның баласы. Бұл ретте автордың өз шығармасына «ғұмырнамалық» деп анықтама беруінің мәнісі айқындала түседі. Әке басынан өткен тарих бала танымында сәулеленіп, тарихи дәуір шындығы көркемдік заңдылықтарына сай әсерлі суреттеледі.

Жұмабай - табиғатына біткен ақындықпен қимай қоштасып, прозаға біржола берілген шығармашылық тұлға. «Әке» ғұмырнамалық повесінен басталған жазушылық жолы жемісті, өнімді болды. Шығармашылық еңбектің жемісі де баяғы Таулы қыраттағы алма ағашының өнімі секілді: қыс бойы демалады, көктем бойы нәр жинап, гүл ашады, жаз бойы жайнайды, жылдың жайсаң жазының соңында күзге салым өнім береді. Он бес том прозалық шығармалар жинағы – көп жылдар кеңістігіндегі кең өрісті көркемдік ізденістің, кең тынысты шығармашылық еңбектің, маңдайынан ақ тер-көк тер болып аққан шығармашылық бейнеттің жемісі.

Эпикалық прозада автордың ойлау мәнері, жазу стилі, сезім сипаты тікелей ашылмайтыны белгілі. Лирикалық өлеңде олай емес екені де түсінікті. Онда ақынның жан шындығы, сезім сыры мөлдіреп тұнып тұрады. Жұмабайдың өзім білетін жан шындығын, жүрек сырын өлеңдерінен тереңірек сезіндім. «Өлеңім – балам, көзіңді аш» (Мектеп, 2013) деп аталатын өлеңдер мен балладалар кітабын оқып отырып, Жұмабайдың көркемдік әлеміндегі жан сырының таң самалындай тамаша лебін, гүлдей үлбіреген тұнық дидарын сезгендей болғам.

Жап-жасыл болған жаз қайда?
Жылайды жаңбыр еңіреп,
Қоя ме әлде қоймай ма?

«Күзгі сұрақтар» деп аталатын өлеңінің бастапқы шумағындағы ақындық танымның тереңдігі, көркемдік ойлау мен эстетикалық сезімнің байлығына бастайтын поэтикалық қуат бір көңілде ашылса, бір көңілде ашылмауы ғажап емес. Өлең шумағының әр тармағында бір сурет, әр суретте бір сезім. Олардың арасы да таза, бөтен сөз, бөгде сурет жоқ. Сурет пен сезімнің тұтасуынан сарыны сазды, ағыны сырлы көңіл күйдің шырайы үлбіреп көрінеді. Төрт тармақ өлең жолдарының мағыналық тұтастығынан туған мұнарлы көңіл күй соңғы екі тармақтың поэтикалық тетіктері арқылы ақжал толқындарын таудай биіктетіп, күркіреп барып ашылатындай, бәлкім, ашылмас... Төрт жолда толқыған ой мен сезімнің күндей күркіреген күйі еңіреп жылаған жаңбырдың астында өксіп барып басылар ия басылмас...

Жұмабайдың жаңбыры өлеңде еңіреп жыласа, көңілде үн-түнсіз егіліп тұрғандай сезіледі. Әлдеқайдан: «Соңы қарға айналмаса игі», - деген сыбыр естілетіндей.

«Қоп-қоңыр төңірегімен» күз де өтті. Жазымызды жоқтап жүргенде, күзіміз де алыстап барады екен. Жұмабайдың жаңбыры әлі жауып тұрғанға ұқсайды, әлдеқайдан қара суықтың лебі сезіледі. Айналаны барлай қарасам, Алатаудың шыңдарын мұнар басып, көк аспанды бұлт торлайтынға ұқсайды.

Өлең өнерінде оқырмандарының көңіл күйін толқулы, толғанысты сырмен тербеу шынайы ақындық болмыс табиғатына негізделеді. Жұмабайдың ақындық табиғаты таза тынысымен, ақындық таланты тұнық ажарымен аяулы.

Жұмабайдың шығармашылық қуаты прозада еркін, кең тыныспен ашылды.

Жұмабайдың прозасында көрініс тапқан болмыстағы шындық құбылыстардың құрамы бай, мазмұны терең. Онда

тарихи шындық оқиғаларының алатын орны үлкен. Тарих шындығын суреттеудің, тарих шындығын суреттеу негізінде оқырманға ұсынылатын бейнелі пікірдің, тиянақталатын образды ойдың бағыты мен бағдарынан өніп шығатын мазмұн мен мағынада автордың суреткерлік ұстанымы, таным таразысының өлшемдері, көзқарасы болады. Олардың жүйесін қайшылықсыз, бірөңкей жарасыммен өру жазушылық шеберлік пен ақыл-ой байлығын бірдей талап етеді. Мұндай талап сынынан мүдірмей өту оңай емес. Жұмабай осы талаптың сынына сай шығармашылық шеберлік үлгісін көрсетті.

Қаламгер шығармашылығының байтақ кеңістігінде тау мен дала сыры айрықша ажарлы көрініс тапқан. «Хантағы Қаратаудың құшағында» (2022), «Қайдасың, Хантәңірі» (2023) кітаптарында тау мен дала тарихы, тау мен дала адамдарының тағдыры хикаят жанры үлгісінде көркем жинақталған. «Тұлпарлар дүбірі» (2015), «Ақбөрте» (2020), «Жұлдызжирен» (2023), «Күрең жорға» (2023) хикаяттар мен әңгімелер кітаптарында тұлпарлар тағдырымен астасқан адам өмірінің қилы шындықтары драмалық қайшылықтарға толы тартысты қалыпта суреттелген. Жүйріктердің жарысына, адамдардың тартысына негізделген сюжеттік даму кезеңдері композициялық құрылым-жүйесі жағынан жарасымды, жарастықты келісіммен өрнектелген. Әдетте тұлпардың, жүйріктің бағы тұлпарлығында, жүйріктігінде деп жүреміз. Жұмабайдың тұлпарлар тағдыры туралы эпикалық кең тынысты толғауларына қарағанда, тұлпардың, желмен жарысқан жүйріктің соруы да тұлпарлығында, жүйріктігінде екен және соның бәріне адамдар себепші екен.

Жұмабай өзінің хикаяттарында кейіпкерлерінің тағдыр-талайы арқылы ойландыра отырып, толғандырады. Толғандыра отырып, ойландырады. Ол әдеби тілдің көркемдік-бейнелеу құралдарын, образ сомдаудың жолдарын, болмыстағы шындық құбылыстардан өнер туындысын жасаудың амалдары мен тәсілдерін кәсіби шеберлікпен меңгерген.

Жазушы «Өнермен өрілген өмір» (2023) атты суретші туралы роман-эссесінде өмірін сурет өнеріне арнаған шығармашылық тұлғаның еңбегінің психологиясын ашады, суретшінің өнер туындысын жасау жолындағы бейнетінің азабын, бітірген ісінің қуанышы мен рақатын суреттеуде қалыптасқан кәнігі жазушының тек өзіне ғана тән көркемдік дара машығы мен мәнерін көрсетеді.

Жұмабай – қазіргі қазақ прозасының дамуына өзіндік үлесін қосып келе жатқан, өзіне тән дара стилі қалыптасқан, ой қазынасы бай, шығармашылық ойлауы терең жазушы.

Осымен Жұмабай туралы эссемді бітірмек едім. Көз алдыма Жұмабайдың жаңбыры келді. Апырай десеңізші, қоңыр күздің жаңбыры менің көз алдымда еңіреп жылаған күйі алыстап бара жатқандай болғаны. Сол жаңбырды жұбатып көз жасын сүрткім келгендей еді, қозғалуға әлім келмей қала бердім.

2025